

## АРНАУЛЫ КУПОН АУКЦИОНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
14 ақпан 1994 ж. N 183. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411  
Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің  
1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына және "Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы" Қазақстан  
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 шілдедегі N 582 P930582\_  
қаулысына сәйкес, жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік  
пакеттерін азаматтардың инвестициялық жекешелендіру купондары үшін  
инвестициялық жекешелендіру қорларына аукциондарда сатуды  
ұйымшылдықпен өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер  
К а б и н е т і қ а у л ы е т е д і :

1. Арнаулы купон аукциондары туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік  
комитеті мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік жекешелендіру қоры бір  
а й м е р з і м і ш і н д е :

арнаулы купон аукциондарының қорытындыларын шығару үшін Мемлекеттік  
жекешелендіру қоры жанынан тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрсын;

арнаулы купон аукциондарын дайындау, өткізу және олардың  
қорытындыларын шығаруды реттейтін құжаттар әзірлеп, бекітсін;

Инвестициялық жекешелендіру қорлары мен оларды басқарушылардың  
қызметін мемлекеттік бақылау туралы Ереже әзірлесін. 3. Экономика  
министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан  
Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе  
отырып 1994 жылдың 1 сәуіріне дейін акциялары арнаулы купон  
аукциондарында сатылатын кәсіпорындардың жаппай банкрот жол берілмеуін  
қамтамасыз ететін шаралар жүйесін әзірлесін. Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994  
жылғы 14 ақпандағы N 183 қаулысымен Бекітілген Арнаулы купон аукциондары  
туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына, "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 инвестициялық жекешелендіру купондары туралы ережені іске қосу туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1289 қаулыларына сәйкес әзірленді.

2. Ереже арнаулы купон аукциондарын (бұдан әрі - купон аукционы) өткізудің тәртібін, оған инвестициялық жекешелендіру қорлары қатысуының шарттарын, есеп айырысу және акциялардың сатылатын мемлекеттік пакеттерін иелену құқын ресімдеу тәртібін белгілейді. Купон аукциондарының өткізілуі жаппай жекешелендіру тізбесіне енгізілген акционерлік қоғамдардың акциялары толық өткізілгенге дейінгі кезеңмен белгіленеді.

3. Купон аукционы - жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттерін инвестициялық жекешелендіру қорларына аукционда тек қана инвестициялық жекешелендіру купондарына сату.

4. Жекешелендірілетін кәсіпорындар (бұдан әрі - акционерлік қоғамдар) акцияларының мемлекеттік пакеттерін сатушы мемлекет мүддесін білдіретін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - Комитет) болып табылады.

5. Акционерлік қоғамдардың акцияларын сату жөніндегі купон аукциондарын ұйымдастырушы Комитеттің тапсыруы бойынша Мемлекеттік жекешелендіру қоры (бұдан әрі - МЖҚ) болып табылады.

6. Купон аукционындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алушылар тек қана инвестициялық жекешелендіру қорлары (бұдан әрі - қор) болып табылады.

## 2. Купон аукциондарын ұйымдастыру

7. Купон аукциондарының қорытындыларын шығару үшін МЖҚ жанынан тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылып, оның құрамын Комитет бекітеді.

8. М Ж Қ :

осы Ережеге сәйкес купон аукционында сатылатын акциялар туралы ақпарат хабарлардың жариялануын ұйымдастырады;

купон аукционына қатысушылармен есеп айырысу жүргізеді;  
сатып алушының меншік құқын ресімдейді;

купон аукционының қорытындылары туралы жұртшылықты хабардар етеді;

өтінім банкілерінің, кіру билеттерінің құнын төлеу тәртібін және т.б.  
б е л г і л е й д і .

9. Комитет купон аукциондарында сатылуға тиісті акцияларының санын белгілейді. Шарт-тапсырма ережелеріне сәйкес Комитет МЖҚ-ға:

қабылдау-беру актісі бойынша жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттерін;

сатылуға тиісті акциялардың санын және бір акцияның номинал құнын көрсете отырып белгіленген тәртіппен бекітілген жекешелендіру жоспарының көшірмесін ;

купон аукционының өткізілетіні туралы ақпарат хабарда жариялау үшін қажетті басқа да мәліметтер береді.

10. Алынған көрсеткіштер негізінде МЖҚ ақпарат хабар әзірлейді. Ақпарат хабар Комитеттің арнаулы ақпарат бюллетенінде және орталық республикалық " Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттерінде купон аукционын өткізу мерзімінен 45 күн бұрын жариялануы тиіс және онда акционерлік қоғамдардың толық атауы мен нақты мекен-жайы көрсетілуі қажет. МЖҚ аталған мерзімде қорларға модем байланысы мен магнит жазбалары (дискеттері) арқылы ақпарат хабардың берілуін қамтамасыз етіп, онда мынадай деректер болуға тиіс. акционерлік қоғамдардың толық атауы мен заңды мекен-жайы; әрбір объект бойынша шығарылған акциялардың жалпы саны мен түрлері; бір акцияның номинал құны; купон аукционында сатылатын акциялардың саны мен номинал құны; бастапқы бағалар (бір акция үшін инвестициялық жекешелендіру купондарының саны); Сатып алушының эмиссия проспектісімен (жекешелендіру жоспарымен) танысу үшін ұйымдардың мекен-жайы мен телефондары; кәсіпорынның қаржы жағдайы туралы мәлімет; аукциондағы төлемнің бірден-бір түрі инвестициялық жекешелендіру купондары екенін көрсетілуі; өтінімдерді қабылдау мерзімдері мен орыны; аукцион ұйымдастырушының мекен-жайы мен байланыс телефонының нөмірі; купон аукционы өткізілетін мерзім мен орын. Аталған деректерді берудің түрі мен қосымша деректер тізбесін МЖҚ белгілейді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1994.05.16. N 526 қаулысымен . 11. МЖҚ ақпарат хабардағы көрсетілген мәліметтің сәйкестігіне жауапкершілік береді. 12. Купон аукционына қатысу үшін Қор МЖҚ-ға әрбір акционерлік қоғам бойынша мыналарды көрсете отырып өтінім тапсыруы керек: қор сатып алғысы келетін акциялардың саны; қор бір акция үшін төлеуге (өтінім бағамы) ұсынатын купондардың ең көп саны. 13. Аукционға қатысатын Қорлар туралы хабар жарияланбауға тиіс. 14. Егер Қор: белгіленген мерзімде өтінім тапсырмаса: ведомстваралық Комиссияның шешімімен лицензиядан айырылса немесе Қордың яки оның Басқарушысының лицензияларының күшін тоқтату туралы шешім қабылданса, оның купон аукционына қатысуына рұқсат берілмеуі мүмкін.

### 3. Купон аукциондарын өткізудің тәртібі

15. Мемлекеттік кәсіпорындарды жаппай жекешелендіру бес жекешелендіру толқынына бөлінген кезеңге есептелген, жаппай жекешелендіру бағдарламасына енгізілген барлық акционерлік қоғамдардың акциялары сол толқындар кезінде купон аукциондарында сату үшін ұсынылуға тиіс.

Жекешелендіру толқыны он бес купон аукционына немесе бес-жеті қосымша жекешелендіру толқынына сәйкес келеді, олардың әрқайсысы екі-үш купон аукциондарынан құралады және бір айға жуық уақытқа созылады.

16. Купон аукционы 24 сағаттың ішінде өткізіледі. Купон аукционы кезінде Қорлардың өтінімдері тексеріледі, тіркеледі және МЖҚ-да талданады.

17. Акционерлік қоғамдардың купон аукционынан сатуға шығарылатын акцияларының бағасы бастапқы, ең төмен және орташа бағам бойынша белгіленеді.

18. Бастапқы бағам бір акция үшін купондардың ең аз санына сәйкес келеді. Бұл бағамды Комиссия белгілеп, Комитет бекітеді. Бастапқы бағам купон аукционының қандай жекешелендіру мерзімінде немесе қосымша мерзімінде өткізілетініне қарамастан акционерлік қоғамдардың купон аукционынан тұңғыш рет шығарылатын барлық акциялары үшін бірдей болып табылады.

19. Ең төмен бағамды Комиссия әрбір акционерлік қоғамның купон аукционына екінші қайтара шығарылатын акциялары бойынша белгілейді. Бұл бағамның белгіленуі алдыңғы аукционда сатылған акциялардың санына байланысты. Тиісінше ең төмен бағам бұрынғы аукционның бастапқы немесе ең төмен бағамынан жоғары яки төмен болуы мүмкін.

20. Орташа бағам акционерлік қоғамның акцияларын сатып алу үшін Қорлар жұмсаған купондардың жалпы санын сол акционерлік қоғамның сатылған акцияларының жалпы санына бөлу жолымен есептеледі. Егер акциялар үш аукционда сатылған болса, үш аукционның нәтижелері бойынша есептеледі.

Орташа бағам Қорлар портфельдерінің жалпы құнын есептеу үшін пайдаланылады. Қор портфелінің құны Қор сатып алған акциялар құнына сәйкес келеді. Бір акционерлік қоғам акциялары құнының есебі сатып алынған акциялар санын орташа бағамға көбейту арқылы анықталады.

Әрбір акционерлік қоғамның акциялары бойынша есептелген құндарды қосу жолымен Комиссия Қор портфелінің купонға шаққандағы жалпы құнын есептеп шығарады.

21. Купон аукционына қатысу үшін Қорлардың бәрі купон аукционы басталғанға дейінгі соңғы 24 сағат ішінде желімделген конверттерге салынған өтінімдер тапсырып, олар сүргілеп мөрленген сейфтерде сақталады. Өтінімдер қабылдау мерзімі біткеннен кейін қабылданған өтінімдердің саны туралы Хаттама дайындалып, оған Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Өтінімдерді сондай-ақ сол мерзімде электронды почта (модем байланысы) арқылы Комитеттің моторолласына қосымша беруге болады. Бұл жағдайда хабардың құпиялылығы Қорлар өтінімдері жөніндегі деректердің моторолладағы базасына апаратын жолдың кодпен белгіленуімен, ал код паролінің бөлшектеліп, Комитет пен МЖҚ-дағы жауапты үш адамның арасында бөліп берілуімен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

22. Қорлар инвестициялық қызметке қатысты мына талаптарды орындамаған жағдайда олардың өтінімдері аукционнан алынады:

акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуға өтінімдер Қор жинақтаған купондармен қамтамасыз етілмеген мөлшерде берілсе;

бір Қордың бір акционерлік қоғам акцияларының 20 проценттен астамын сатып алуға құқы жоқ болса;

бір Қордың жиналған купондардың 5 проценттен астамын бір акционерлік қоғамның акциясына инвестициялауға құқы жоқ болса;

бір аукционда Қордың бір акционерлік қоғам акцияларының 10 проценттен астамын сатып алуға құқы жоқ болса;

Қор өкілдері тобының қолында бір акционерлік қоғам акцияларының 20 проценттен астамы болмауға тиіс;

Қор жиналған купондарды өз өкілдерінің акцияларына инвестициялауға қ ұ қ ы л ы е м е с .

23. Өтінімдері қанағаттандырылған Қорлар купон аукционының ж е ң і м п а з д а р ы б о л а д ы .

Бағамы ең жоғарыдан бастап, барлық акциялар толық сатылғанға дейінгі кему ретімен бастапқы немесе ең төмен бағамнан жоғары өтінімдердің бәрі де қанағаттандырылады. Сонымен бірге купон аукционына шығарылған акциялар Қорлар арасында былайша бөлінеді: біріншілер жоғарыда атап көрсетілген ретпен өтінімдерде көрсетілген акциялар санын алады, соңғылары - купон аукционына шығарылған акциялардың қалғанын алады. Қорлардың бұл кезекке кірмеген өтінімдері қанағаттандырылмайды. Егер акционерлік қоғам акцияларына бірнеше Қорлардан бір бағам бойынша келіп түскен өтінімдер саны қолда бар акциялардың санынан асып кетсе, әрбір Қор алатын акциялар саны мына формула бойынша анықталады:  $Апр А = \frac{Асп}{Асп + Аз} \cdot X$  Аз, Асп онда А - Қор алатын акциялар саны; Апр - акционерлік қоғамның қолда бар акцияларының саны (ұсыныс); Асп - Қорлардың өтінімдері (сұраныс) бойынша акционерлік қоғам акцияларының жалпы қосынды саны; Аз - акционерлік қоғамның Қор өтінімінде көрсетілген акцияларының саны.

Егер есептеулердің нәтижесінде бір қордың үлесіне келетін акциялардың саны біреуден аз болса, ол акцияларды өткізу басқа купон аукционына а у ы с т ы р ы л а д ы .

Егер есептеулердің нәтижесінде бір қордың үлесіне келетін акциялардың саны тұтас болмаса (мысалы, 12,3), онда ол ең төмен тұтас санға дейін (яғни 12-ге дейін) ықшамдалады. Қалған акциялар яки төмен бағам бойынша өтінім жасаған Қорларға берілетін, яки купон аукционына шығарылатын болады.

24. Акционерлік қоғамдардың кез келген мерзімдегі аукциондарда сатылмаған акциялары келесі аукционда сатуға кемінде 45 күннен кейін шығарылады. Акцияларды бірінші рет ұсыну мен екінші қайтара ұсыну аралығындағы осыншама уақыт купон аукционына шығарылатын кәсіпорындардың тізімін жариялау үшін қажетті кезеңге сәйкес келуге тиіс.

25. Бір акционерлік қоғамның акцияларын тек үш купон аукционында ғана с а т у ғ а б о л а д ы .

Егер үш аукционнан кейін акциялар түгел сатылмаса, сатылмаған акциялар мемлекеттің меншігінде қалып, сол кәсіпорындардың жағдайын түзеу жөніндегі шаралар жүзеге асырылғаннан кейін оларды МЖҚ купон аукциондарына ш ы ғ а р а т ы н б о л а д ы .

26. Қорлардың купон аукционындағы бастапқы немесе ең төмен бағамнан төмен бағам көрсетілген өтінімдері қанағаттандырылмайды.

Қорлардың өтінімдері бойынша ұсынылған, қанағаттандырылмаған немесе купон аукционына қатыстырылмаған купондар Қорлардың депозитарийлерінде ө т е л м е г е н к ү й і н д е қ а л а д ы .

27. Комиссия купон аукционының үш дана хаттамасын дайындап, онда:

х а т т а м а н ы ң к ү н і м е н н ө м і р і ;

К о м и с с и я н ы ң қ ұ р а м ы ;

акционерлік қоғамның толық атауы мен мекен-жайы;

ұсынылған акциялардың жалпы саны мен номинал құны;

сатылған акциялардың жалпы саны мен номинал құны;

қалған акциялардың номинал құны;

жеңген Қорлардың тізбесі келтіріліп, олардың әрқайсысына сатылған акциялардың саны мен номинал құны, сол акциялар үшін төленген және Қорлардың депозитарийлерінде өтелуге тиісті купондардың саны көрсетіледі.

Хаттаманың үш данасына Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қойып, Комитет оны үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

28. Қорлардың өтінімдері жасырылған, купон аукционының қорытындыларын шығару кезінде олар ескерілмеген жағдайда аукцион нәтижелерін Комитеттің жарамсыз деп тануы мүмкін.

29. МЖҚ купон аукционы қорытындыларын, оған қатысушылардың бәрі үшін жария болуын қамтамасыз етуге міндетті. Купон аукционының қорытындылары туралы хабар ол өткізілгеннен кейін 20 календарлық күннен кешіктірмей аукцион туралы ақпарат хабар жарияланған бұқаралық ақпарат

құралдарының көздерінде жарияланады.

Купон аукционының қорытындылары Комиссия мүшелерінің, Комитет, бұқаралық ақпарат құралдары және Қорлар өкілдерінің қатысуымен компьютерлік бағдарлама бойынша анықталады.

30. Комитет жеңімпаздар анықталғаннан кейін аукцион қорытындылары туралы хаттаманы акционерлік қоғамдар акционерлерінің реестріне тиісті өзгерістер енгізу үшін акционерлік қоғамдардың атқару органдарына жібереді.

#### 4. Акцияға меншік құқын ресімдеу

31. Акцияларға меншік құқы Комитеттен Қорларға акционерлік қоғам акционерлерінің реестріне тиісті жазба енгізіліп, ақпарат-есеп орталығының орталық депозитарий жүйесінде Қорлардың есепшоттарында және олардың депозитарийлерінде купондардың тиісті саны өтелген сәттен бастап көшеді.

32. Акционерлердің реестріне тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін МЖҚ жеңімпаздарды оларға сатылған акциялардың саны мен акционерлік реестрі орналасқан орын туралы хабардар етеді.

#### 5. Жекешелендіру жөніндегі келісімнің жарамсыздығы және тараптардың жауапкершілігі

33. Купон аукционында акциялар сату жөніндегі мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы дауларды Қазақстан Республикасының қолданылып отырған заңында белгіленген тәртіппен сот қарайды.